



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ЖАПОНИЯНЫҢ АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ САЯСИ- СТРАТЕГИЯЛЫҚ ОРНЫ

Танирбердина Саяжан Аманғалиқызы

saya2015@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті
шығыстану мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - т.ғ.д., профессор Б.Ж. Абжаппарова

Жапония – 4 мыңнан астам аралдары бар Тынық мұхит, Жапон, Охот және Шығыс-Қытай теңізімен шайып жатқан Шығыс Азиядағы мемлекет. Жалпы ауданы 372 мың км². Азия елдері ішінде орта ғасырлардағы жойқын жорықтардан, және одан кейінгі отаршылық тәуелдіктен аман қалған жалғыз екі елдің бірі - Жапония болады. 19 ғасырда Жапония өнеркәсібі қауырт өркендей бастады.

Азия –Тынық мұхиты аймағы (АТА) – Тынық мұхиты периметрінде орналасқан мемлекеттерді және мұхиттың өзіндегі көптеген аралды мемлекеттерді белгілейтін саяси және экономикалық термин.

Тынық мұхиты жайлы ХІХ ғасырдың ортасынан айтыла бастаған болатын. Аймақтың маңыздылығын бірінші болып Карл Маркс айтқан болатын, ол 1857 жылы ол «Тынық мұхиты қазіргі уақытта Атлант мұхитындай рөлге ие болатындығын, ал ерте және орта ғасырда Жерорта теңізі – әлемдік қарым-қатынастағы ұлы су торабы рөлін атқарады» деп жазған.

Геосаясаттың негізін салушылардың бірі К.Хаусхофер Жапонияны «континентальды ойлау типі бар аралды мемлекеттерге» жатқызған. Неміс ғалымы Жапонияны Англияның қарама-қайшылығындағы басқа аралды мемлекет ретінде қарастырған болатын. Бұның өзі осы екі мемлекеттің екі жақтылық жан-жақты қарама-қарсы, екі түрлі жағдайда болғандығын көрсетеді.

Сөзсіз түрде Жапонияға деген басқа мемлекеттердің ойларына сәйкес, Жапонияда өз мемлекеттерін «періштелер жері», күншығыс елі, «жандық молшылық мемлекеті» ретінде санайды. Олар үшін Жапония – символдық онтологиялық белдік. Жапондықтардың философиялық көзқарастары өзіндік тереңдетілген, толықтырылған, шектік жинақтылығымен, медиативті беталысымен сипатталады. Мұндай «философиялық өмір» буддизмнің ағымдарының бірі «дзэн» ағымына негізделген, ол ойлау стилін, жапондықтардың өмір сүру үлгісін қалыптастырды.

Жапония тарихындағы кішігірім болса да маңыздылығы бар сәттерді айта кеткенім жөн болар. 1633, 1636 және 1639 жылдары «мемлекетті жабу» жөнінде жапондық үкіметтің үш жарлығы бірінен кейін бірі орын алған болатын. Жапония шет елдіктер үшін жабық болды, әсіресе еуропалықтар үшін жабық болды(ең бірінші болып еуропалық-португальдықтар-Жапонияға 1542 жылы түскен болатын). Мемлекеттің тек еуропалықтар үшін ғана емес, сонымен қатар көршілес мемлекеттер үшін де, соның ішінде қытайлықтар үшін де жабық болғанын айта кеткенім жөн болар. Жапондықтардың өзіне де үлкен кемелер құруға және белгіленген жерден ары жүру тиым салынған болатын. Күншығыс елін «ашқан» 1854 жылы американдық крейсерді басқарып келген капитан М.Перри болған. Осыдан еуропалықтар үшін Симода және Хакодате порттарына еркін түрде кіруге қол жетімді болған.

Сонымен, Жапонияның геосаяси жағдайын тиімді дамудағы «еркін» сауда бәсекелестік санына жатқызуға келмейді. Бәрінен бұрын, бұл:

- маңызды емес табиғи ресурстармен бөлінген жерді шаруашылық қолданысқа тиесілі ең тар жолақтарға шоғырланған, соның ішінде минералды шикізатқа негізделген жоғарғы дәрежедегі халық тығыздығы;

- өзіндік энерготасушылардың толықтай жоқ болуы(гидроэнергияны қоспағанда); жиі табиғи апаттарға ұшырауының мемлекеттің ортақ жұмсақ климаттық жағдайларына қарсы

келеді. Жапонияның жер сілкіністер, вулкандық атқылаулар мен мықты тайфундар байланысында жатыр деп те айтуға болады.

- Елдегі ауыл шаруашылығы үнемі және үлкен көлемдегі мелиорационды жұмыстарды қажет етеді. Өнеркәсіптік, тұрғылықты және транспортты құрылыстар антисейсмистикалық шараларға қажеттілік ретінде қымбаттауда, жерасты дүмпулердің ең мықты соққыларына арналып жасалған.

Сонымен, біз көргендей осындай географиялық факторлар мемлекет жағдайына, жергілікті рельефке, жоғарғы халық тығыздығына, пайдалы қазбалар жоқшылығы, елдің маңызды әскери-стратегиялық түсінігінің жағдайы Жапонияның геосаясатына заттылық ықпалын тигізіп жатыр.

Жапония барлық индустриальды мемлекеттерден кейіннен ғана даму жолына түсіп, көп уақыт аралығында дамып кеткен капиталистік мемлекеттерге озып жету керек болды.

Жапония өзінің индустриальды дамуының бастапқы кезеңдерінде әлемдік экономиканың шетінде болған болатын, тек соңғы оң жылдықта әлемдік экономиканың орталығы Ортажертеңіздік атлантикалық аумақтан Тынық мұхит аймағына көшеді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін атом бомбылауынан соң, мемлекет шет елдік әскердің оккупациясына ұшыраған болатын. Жапонияның өндірістік әлеуетінің басты бөлігі, кең көлемдегі минералды ресурстары бар Манчжурия мен Кореяның отарды жоғалту және де бұны экономикалық салдарына қарай Ресей үшін Кеңес Үкіметінің ыдырауы кейінгі жағдаймен салыстыруға болады.

Бұл барлық сынақтардан өтуге Жапонияға ескі және одан да ерте дәстүрлілігіне сүйене отырып өзіндік жеке экономикалық ұйымын құруға жапон халқының сынбас қайратты рухы көмектесті. Бұны мемлекеттік капитализмнің (патернализм) спецификалық жапондық таңдау ретінде сипаттауға болады. Бұл жүйе жағымсыз геосаяси факторларды жеңіп шығу үшін қажетті әсер беріп қана қоймай, оларды қолданысқа айналдырып, мемлекетті әлемнің мықты экономикалық державалардың қатарына шығару болды.

Жапонияның қазіргі жағдайы, оның әлемдегі саяси рөлі Күншығыс елінің жеткен экономикалық мықтылығына сәйкес келмейді. ХХІ ғасырдың басында 1941–1945 жылдардағы соғыстағы жеңілістен кейінгі Жапонияның АҚШ-қа деген саяси шарттары, сонымен қатар оған деген саяси көшбасшылар мен 1935–1945 жылдары (Манчжурии, Корея және т.б.) сияқты оккупацияланған елдегі халықтың сақтықтық қарым-қатынастары оның геосаяси жолындағы таңдауда оның сыртқы саясатты шығаруға еркіндігін біршама шектеп отыр. Бұл жақындағы көршілермен де, соның ішінде Ресеймен де геосаяси қатынастарына қатысты болып келеді. [1]

АТА 4 аймақтық пен жүйелікті құрайды: мұхиттық, азиаттық (ТМД мемлекеттері, Шығыс Азия, Оңтүстік Шығыс Азия, кейде Оңтүстік Азия), солтүстік американдық және оңтүстік американдық.

АТА сауданың, қаржылық ресурстардың және өндірістердің ең ауқымды әлемдік центрі.

Сол үшін де ХХІ ғасырды «Тынық мұхиттық дәуір» ғасыры деп атайды. Оңтүстік Шығыс Азияға ықпалын тигізген қаржылық дағдарыстар көпшілігінің барлық назарын қарқынды дамып келе жатқан тынық мұхит аймағына ауыстырды. 40 жылдардың аяғының өзінде БҰҰ мамандары «азиаттық стагнация» ұзаққа бармайтынын болжаған. Ал 50 жылдардың өзінде Жапония қарқынды дами бастады. Біздің қазіргі көріп отырғанымызға сүйенсек, болжамдарының қателескенін байқаймыз. Бұл жерде барлығы Жапонияның феномені неде екенін талқыламаға салды. Жапония басқа да мемлекеттер сияқты дәстүрлі дамуды сақтай отырып, капитализм кезіндегі постиндустриальды дәуірде өндірістік дамудың жоғарғы сатысында көрінді. Бұл жерде ең керек адамның ең керек идеясымен ең қажетті жерде табылғанын байқаймыз. Еуропа сияқты, Жапонияның басшылығына ақылды, патриоттардың келуі, елді алға тартуда негіз салды. Олар барлық жолдарды, бастаманың негізгі жолдарын анықтай, жүзеге асыра бастады. Оның артынан да Жапониядан кейін Гонконг, Сингапур, Тайвань мемлекеттері дами бастады. Азиялық ғажайыпты «азиялық

арыстан» деп атады. Кейіннен Бруней, Индонезия, Малайзия сияқты, т.б. елдер даму қарқынына шыға бастады. Бұл жерде оларды «азиялық айдаһарлар» деп қосты. Әрине, сонымен қатар Қытай, Вьетнам елдері де шетте қалмады. Осындай қарқында Азия үлкен ЖІӨ бар индустриальды орталыққа айналды. БҰҰ-на «қарсылас» негізінде құрылған бұл ұйымға, олар әлеуметтік комиссиялар жібере бастады. Комиссияның қорытындысы соншалықты болмай, жылдың өзінде Азия Тынық мұхиттық экономикалық қауымдастық ұйымы құрылған болатын. Бұл ұйымның құрамына АҚШ кіреді, сол ұйымда атқарушы рольді атқара бастайды. Бұл жердегі АҚШ-тың осындай рольды атқаруы БҰҰ жағынан болған тарап ретінде қарастырады. Яғни бұл қарқынды даму үстіндегі аймаққа бақылауды қоюға мүмкіндік ретінде қарады. БҰҰ америкалықтарға нақты тапсырманы алға қойды - Азиямен достық негізін ала отырып, сол жердегі ең мықты Азия-Тынық мұхит аймағын бақылау мүмкіндігі болды. Бақылауға алу дегеніміз - ол АТА аймағына әлемдегі экономикалық және әскери мемлекеттер деген жағдай. Қазіргі уақытта АТА - әлемдегі ең бір тез дамушы мемлекеттерді құрайтын аймаққа айналуда.

Ең басында АТА-ға берілетін әр елдердегі эксперттердің берген анықтамаларын қарастырсақ. Америкалық мамандар арасында ортақ түсінік пен сол аймақтың шекарасына байланысты нақты анықтамалық келісімдер жоқ. Бұл жерде көбі Тынық мұхиттық Латын Америкасына қатысты әр түрлі көзқарастар айтады. АҚШ-тың көптеген ғалымдары Тынық мұхиттық Латын Америкасын саяси себептерге байланысты АТА құрамына жатқызады.

Жапондық ғалымдар арасында да АТА-ға қатысты белгіленген нақты бір ой жоқ. Дегенмен көптеген жұмыстарда Оңтүстік Азия жоқ болуы, ал қытай жақтың ерекшелігі АТА терминің қолданған кезде, оған Оңтүстік Шығыс Азияны, Оңтүстік Азияны, Солтүстік Шығыс Азияны, Австралияны, Океанияны және Жаңа Зеландияны қосып айтса, Тынық мұхиттық Латын Америкасын қоспайды. Кеңестік ғалымдардың ойына келетін болсақ, онда КСРО кезіндегі әсіресе 70 жылдар мен 80 жылдардағы АТА жайлы көптеген кітаптар мен мақалалар кездеседі, бірақ авторлар АТА терминін анықтауға өздеріне сұрақ қоймағаны анықталған. Нәтижесінде отандық ғалымдарда батыстық серіктестеріне ұқсас аймаққа деген олардың ұсыныстарында ұқсас аласапыран пайда болды.

Осындай деректерге сүйене отыра байқағанымыздай, Азия-Тынық мұхиты аймағына қатысты не географиялық, не саяси, не әлеуметтік экономикалық көзқараста біріккен түсінік жоқ. Негізгі қиындық аймақтың географиялық шегі болып табылады. Бір жағы Солтүстік және Тынық мұхиттық Латын Америка мемлекеттерінің қосылуында жатқан болса, тағы бір жағы АТА-ның тар мағынасы тек азиялық Солтүстік Шығыс және Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің ғана қосылуына негізделеді. Түсіндірме әр түрлілігіне орай АТА-на нақты қандай территориялар кіруін анықтау жағы қиынға соғып тұр. Осыған орай, Азия Тынық мұхит аймағына сонымен қатар, АСЕАН(Оңтүстік шығыс Азия елдерінің ассоциациясы), НАФТА, МЕРКОСУР, Андтық бірлестік және ТМД сияқты интеграциялық топтастықтардың жатқызылатынын есептеуге болады.

Азия Тынық мұхит аймағы ақырғы уақыт ағымында әлемдік саясатта үлкен ролін ойнай бастады. Көптеген ғалымдар мен зерттеушілер бұл аймақтың даму негізі жайлы әр түрлі ойларын тастайды, алдағы интеграция қандай жағдайда жүретіні жайлы, сонымен қатар қандай елдер жүргізуші рольді атқаратыны жайлы да әр түрлі ойлар айтылып жатыр.

Қазіргі уақытта АТА басты өндірістік орталықтары ретінде Ресей, АҚШ, Жапония, Қытай, Канада сияқты мемлекеттер болып табылады. Азиялық континенттің аймағы мен Тынық мұхит бассейні қазіргі уақытта ақырғы 10 жыл ішінде әлем назарына ауып отыр. Бұдан 15-20 жыл бұрын кедей мемлекеттер қатарында болған бұл аймақтағы мемлекеттер, ақырғы кезде олардың әлеуметтік - экономикалық дамуында біршама өзгерістер байқалды.

Азия Тынық мұхиты аймағының басты топтастықтары:

- АТЭҚ 1989 жылы құрылған болатын. Бұл қауымдастықтың құрылуының

- негізгі мақсаты – негізін қалаушылар арасында экономикалық өсімге көмек көрсету, сауданы нығайту және оған жағдай жасау, сол аймаққа, яғни азия тынық мұхит аймағында өмір сүру жағдайын көтеру болып табылады.

• АСЕАН ұйымы 1967 жылы 8 тамызда Таиланд, Малайзия, Индонезия, Филиппин, Сингапур басшылығымен Бангкокта құрылған болатын. Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің аймақтық бірігуі негізінде құрылған.

• Азия-Тынық мұхит аймағы елдерінің әлеуметтік-экономикалық даму одағы 1989 жылы Австралияның бастамасымен құрылған халықаралық ұйым. Мақсаты: Азия-Тынық мұхит аймағы (АТА) халықтарының мүддесіне сәйкес экономикалық дамуды қамтамасыз ету; дүние жүзілік экономиканың дамуға жәрдемдесу; аймақтық өзара экономикалық тәуелділік жағдайында көпжақты еркін сауда жүйесін қамтамасыз ету; Азия-Тынық мұхит аймағындағы ашық сауда мен инвестициялық саясаттағы кедергілерді жою; аймақтық ынтымақтастықта еркін сауда принциптерін жүзеге асыру. Негізгі принциптері: өзара құрмет, жауапкершілік және серіктестік; дамушы мемлекеттердің мүддесіне сәйкес өзара тиімділік; ашық диалог арқылы консенсусқа жету. Одаққа мүше мемлекеттер (1998 жылы): Австралия, Бруней, Қытай, Канада, Кирибота, Малайзия, Маршал аралдары, Мексика, Жаңа Зеландия, Папуа-Жаңа Гвинея, Корея Республикасы, Сингапур, Америка Құрама Штаты, Тайланд, Тайвань, Филиппин, Чили. Одақ елдерінің жалпы ұлттық табысы дүние жүзілік өндірістің 56 пайызын, дүние жүзілік сауданың 46 пайызын құрайды. Аймақтық экономикаға және саяси дамудағы тұрақтылыққа, әсіресе аймақтық сауда-саттық, энергетика, қоршаған орта, балық аулау, туризм, байланыс салаларына көп көңіл бөлінеді. Мемлекет басшыларының 1994 жылғы Богаре (Индонезия) бас қосуында 2020 жылға дейінгі дамуға арналған ұзақ мерзімді бағдарлама қабылданды. [2]

Қазіргі уақытта бұл аймаққа үлкен даму жағдайлары қолға алынып отыр. Қазіргі кезде осы аймаққа экономикалық және саяси жоспарда үлкен үміт артылып отырған сәтте АҚШ пен Қытай сияқты үлкен халықаралық ойыншылардың критикалық рөлін дұрыс бағалаған маңызды болып саналады. АТА интеграциясы өте қиын процесс және де жарамдылығы ұзаққа перспектива болмақ. Сонымен қатар, ынтымақтастыққа деген мүмкіндікті нық ұстау мен біріге отырып шынайы қарсылықтарды жеңу - өте маңызды болып табылады.

XXI ғасырда әлемдік көшбасшылардың орнының біріне Жапония талап етті. Егер 1990 жылға дейін әлемдік қауым, саяси элиталар Жапонияны Азиядағы негізгі көшбасшылыққа иегер ретінде санаған болса, 1990 жылдардың басынан Қытайдың экономикалық өсіміндегі орасан қарқындарымен қарай отыра, көпшілік үшін әсіресе Қытайдың келешегі осындай талап етілуі белгілі болды. Жапонияның қазіргі уақытта экономикалық державалар қатарында болуымен, Қытайдың басты аймақтық бәсекелесі, ең бір әлемдік жетекші мемлекеттің бірі болуы, оның АҚШ, ЕМ, Қытай, Ресейден гөрі оның конституциясына пацифистикалық сипаттағы геосаяси рөлге шектігі тиесілі болып отыр (қорғаныс доктринасы, қымбат әскери күштердің иелігінен бас тарту, халықаралық әскери операцияларға қатыспаушылық).

Жапонияның геосаяси ресурстары:

1. Басты ресурс – бұл экономикалық және қаржылық мықтылығы. Әлемдік державалар ішінде (АҚШ-тан соң) экономикалық мықтылығы бойынша екінші қатарда. 2006 жылы Жапонияның ЖІӨ 4,464 трлн. долларды құраған (АҚШ-тың ЖІӨ – 13 трлн. доллар). Халық жанына шапқандағы ЖІӨ - 33 100 доллар. Көп жылдар бойы Жапониядағы жұмыссыздық дәрежесі 3%-дан кем, ал инфляция дәрежесі – 1,5% -ды құрады.

2. Жапония өзіндік мықты қаржылық ресурстарының арқасында тек АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік бөлу көлемі бойынша ғана артта қала отырып нық түрде әлемде екінші орынды ұстап отыр. «жеке қауіпсіздік күштері» деп аталған өткен жарты ғасырда жапондық әскер, әр түрлі жаңашыл әскери техникамен жабдықталған авиация мен флот НАТО әскери күштеріне жақындады, ал кейбір параметрлер Америка әлеуетімен сәйкес келеді. Бірақ Жапонияның әскери мықтылығын қолданудағы үлкен шектеу-конституциясының пацифистикалық сипаты.

3. Жапониядағы демократиялық кезеңді Азия-Тынық мұхит аймағындағы және әлемдегі «жұмсақ» геосаяси ресурс ретінде атауға болады.

4. Жапонияның орналасқан жері оның халықаралық еңбек бөлінісінде белсенді

қатысуға ықпал етеді.

5. Жапония геосаяси ықпалды үкіметаралық ұйымдардың мүшесі болып келеді (әлемдік және аймақтық қауіпсіздіктегі маңызды және әр түрлі мәселелер шешілетін: ВТО, G-8, ОЭСР, МВФ/МБРР, АПЕК, АСЕАН)

Жапонияның геосаяси бағыты:

- Жапония әлі күнге шейін өзінің басты одақтасы ретінде Америка Құрама Штаттарын санайды. Ол АҚШ-мен қауіпсіздік жөнінде келісімде, Жапонияның территориясында американдық әскерлер орналасқан(Окинава аралы).

- Жапонияның негізгі геосаясаты өзіне әр түрлі аймақтарды, Аустралиядан, Үндістан, Орталық Азиядан Шығыс Еуропа мен Балтық теңізіне дейінгі аймақты қосатын еуразиялық материктің сыртқы периметріндегі «өркендеу және бостандық доғалығы» құрылысының түсінігі болып табылады.

- Жапония өзінің Қытаймен қатынасының бақылау қарқынында дамуына ұмтылады. Оңтүстік Корея экономикалық қарсыласына айналып бара жатқанына алаң еткен Жапония Қорей жарты аралындағы өзіндік ықпалын арттыруға талпынып отыр.

Ресеймен территориялы мәселенің шешілуі мен достық келісімшарттың орнатылуы. Жапония өзіне қазіргі уақытта Ресейге тиесілі Солтүстік бөліктегі жерлерді қайтаруға талпынып жатыр. Жапония төрт аралға иелікті талап етіп отыр(Хабомаи, Шикотан, Итуруп, Кунашир).

Жапонияның жоғарғы басқармасы өзіндік жеткілікті әскери қарулы күштерін қалыптастыруға, әлемнің кез келген нүктесінде АҚШ-пен әскери операцияларына біріге қатысуға, ЦРУ сияқты мемлекеттік барлау ұйымдарын жақын арадағы 6 жылда құруға ниетті екеніне ашық түрде талпынуда. 2007 жылдың сәуір айында үкіметпен енгізілген референдум жайлы заңның мақсаты – конституцияның «бірлік жарлықтарын» қарастыру жапон парламентінің өкілдер палатасымен бекітілген, Жапония парламенті кеңесшілер палатасымен қабылданған болатын, ал қазір ол өз күшіне енді. 1 бөлімнің 9-шы бабындағыдай қазіргі Жапонияның конституциясы Екінші дүниежүзілік соғыстан соң гитлерге қарсы коалиция қысымымен қабылданған, «жапон халқы жеке мүддесін қорғау мақсатындағы соғыстан түгелдей, сонымен қатар халыаралық дау-дамайға қатысты әскери күшті қолданудан бас тартады» деп жарияланады. Ары қарай Жапония «ешқашан жер, соғысқа қатысты басқа заттар сияқты теңіздік және әскери-әуе күштерін енді мүлде жасамайды. Мемлекеттің соғыс жүргізу құқығы мойындалмайды». Мұндай соғыстан толық бас тарту ешбір елдің конституциясында жоқ. Басты дәрежеде бейбітшілік конституциясының арқасында шет елдегі беделі өсті, әлемде ядролық қаруға қарсы жалғасып келе жатқан күрес үшін жапон халқына деген ілтипат көрсетілді. Бірақ 60 жыл өткен соң жапондық мекеме конституцияның пацифистикалық баптарынан бас тартады, мықты авторитарлы Қытайдың тез өсім темпінен, Оңтүстік Кореяның экономикалық өсімінен, Солтүстік Корея жақтан туындауы мүмкін қауіпке, әлемдегі жаһандық қауіптің пайда болуынан қорқатын толық масштабты әскери геосаяси ресурстарды иелік еткісі келеді. Сонымен қатар Жапонияның мекемесі І мемлекеттің әскери күшке толық қанды сипаттағы иелікке ие болса, америкалық жүйеге жапондық тәуелділік дәрежесін азайтады, бұл өз тарапында Жапонияға саяси салада жеткілікті дәрежедегі іс-әрекет еркіндігін қамтамасыз ететініне сенімді. Жапонияға қатысты Жапонияның «бірлік конституциясы» АҚШда орналаса ете бастады, бұл 90 жылдардың басынан аймақтағы геосаяси жағдайдың өзгеруін (егер 50 жыл бұрын Америка Құрамасы азиялық аймақтағы Жапонияның перспективасы қорқытқан болса, ал бүгін нағыз қауіп – Қытай мен Солтүстік Кореядан да болып отыр) өзіндік стратегиясын қиыр шығыстағы одақтасына қарастыра бастады.

1992 жылы басқарушы Либеральды-демократиялық партия конституцияны қарастыру кезінде парламенттен арнайы жапондық қарулы күштер контингентін Жапониядан тысқа «БҰҰ-мен ынтымақтастық» деген атпен жіберуге рұқсатқа жеткен болатын. 1996 жылдың сәуірінде екі елдің әскер және флотын өзара іс қимылын кеңейтуге Азия-Тынық мұхиты аймағында жапон-американдық бірлескен қауіпсіздік декларациясына қол қойылған

болатын. Сол кезден бері жапондық әскери қызметкерлер әлемнің әр бұрышында – Мозамбикта, Заирда, Кампучияда, Шығыс Тимурда, Ауғаныстанда, Иракта пайда бола бастады, әскери қимылдар ларға тікелей қатыспай, негізінен тек көмек көрсетуші тапсырмаларды орындады. Бұл жапон халқына шет елдегі тек әскери емес, сонымен қатар «қорғаныс күштерінің» гуманитарлық мақсаттағы болуын көрсету негізінде болды. Америка Құрама штаты НАТОға қатысты еуропалық одақтастарының бірлескен әскери операцияларда біріге белсенді қатысуды қаламағандарын көріп, Жапонияның шет елдегі соғысқа қатысуына «үйреніп кету» заманың тоқтатып, толық масштабты одақтасты алу мақсатында Жапония саясатында түбегейлі өзгерістер жүргізу қажет екендігін шешкен болатын. Дегенмен Жапонияның көптеген азаматы 9 баптың өзгеместігіне жақталас болып шығып отырғанмен, оның өзгеруі бірталай. [3]

Әлемдік аренадағы Жапонияның қалпы елдің ішкі саяси өміріне біршама әсер тигізе өзгерістер алып келген болатын. Оппозиция жақтың әлсіздіктерінің шарттарында, сонымен қатар 1982 жылы Я.Накасонэ мырзаның үкімет басына келуімен олар өздерінің өршіл сыртқы саяси мақсаттарын алға тарту мүмкіндіктерін алып қана қоймай, басқарушы топтар оларды маңызды халықаралық мәселелер қатарындағы орталықтанған партиялар жағының қолдауының нәтижесінде «барлық жапон халқының еркі» деген атта көрсеткен болатын.

Саясаттағы консервативті үрдістердің нығаюы 1986 жылы 6 шілде парламент сайлауы кезіндегі басқарушы Либеральды-демократиялық партияның үлкен жеңісі негіз болды. ЛДП палатадағы өкілдерге арналған палатадан жаңа 50 орынға ие болып, өздеріне 304 (512ден) тәуелсіз депутаттықмандаттардың партияға қосылуын қамтамасыз ете нәтижелер тарихы кезінде рекордтық нәтижеге ие болған болатын. Олар сонымен қатар тез экономикалық өсім ретінде халықтық үрдістердің нығаюын толыққанды қолдануға ұмтылады, сонымен де үкіметпен әділ қаржыландыру мен халық кең көлемін идеологиялық жасап шығару монополия компанияларын қолданады.

Бұл барлық объективті және субъективті факторларды шебер қолдану 80шы жылдардың соңына қарай Жапонияның басқарушы топтарына өзінің негізгі мақсатын — экономикалық мықтылығына Жапонияның дәрежесіне саяси әсерін жоғарылату және әлемдік аренадағы мемлекеттің позициясын біршама нығайту жолындағы өз мақсаттарын жүзеге асыру болды.

Бұл өзіндік ұғымын, біріншіден, 50-шы жылдары басым болған АҚШпен жапон саясатының екі жақты екпіндерінің ақырындап ығысуы мен 60-шы жылдары жаһандық мәселелерді шешуге белсенді атсалысқан, оларға ерекше серпіліс жасалған аймақтық байланыстар болды. Айтарлықтай Жапониядағы географиялық қызығушылықтар саласы кеңейген болатын: оған тек қана Шығыс Азияға жақын орналасқан елдерге ғана қосылып қоймай, сонымен де Батыс Еуропа, Таяу және Орта Шығыс, Африка, Латын Америкасы мемлекеттері кірген болатын. Онымен бірге Жапония кейбір мәселелердің шешіміне белсенді қатысатындар саны да көбейді. Дәстүрлі сыртқы экономикалық байланыстар қатарына әлем сұрақтары, қарусыздандыру және ядролық соғысты болдыртпау, «Оңтүстік-Батыс» қатынастары, әлемдік мұхитты меңгеру, ғарыштық кеңістікті қолдану мен басқа да жаһандық мәселелер қосылған болатын.

Екіншіден, айтарлықтай екі жүйедегі күресте Жапонияның рөлі өсті. Егер 70-шы жылдар басында Жапонияның басқарушы топтары дипломатияның «жан-жақты» доктринасын алға тартқан, өздерінің мақсаты ретінде сөзсіз басымдықта барлық мемлекеттермен достық ақ ниетті байланыс орнату және дамыту, осы оңжылдықтың басынан олар өздерінің рөлін Батыстың, яғни әлемдік империалистік жүйенің бірден-бір ажырағысыз элементі ретінде белгілеген болатын. 1975 жылдың қарашасында алғашқы рет империалистік әлемнің атқарушы держава мемлекет басшыларымен келіссөзге қатысты, сол кезден бастап Жапония «жеттіктің» әр жылдық кездесулерінің белсенді қатысушысына айналды. Ол қатарынан Вашингтон қатарын сақтап отырды, экономикалық мәселерді талқылауды артқы орынға қоюды талпынды және де бұл талқыламаларды барлық халықаралық маңызды мәселелер бір саясатта шығаратын мүшеге айналдыру мен ең бірінші

Кеңес Одағы мен басқа да саяси мемлекеттер қатынасындағы сұрақтарға қатысты болды. Бұл позиция 1983 жылы мамыр айындағы Вильямсбергте болған кездесуде айқын көрінген болатын. Бұл кездесуде Жапонияның премьер-министрі Я.Накасонэ мырза халықаралық шиеленістің қысымымен абасщылық курсының президенті Р. Рейганның толық қолдауы айтылған Саяси декларация дегеннің бір бастамашысы ретінде қатысқан болатын. [4]

Қолданылған әдебиет:

1. Комарова Л., Дарья Акулова, Людмила Захватава, Дарья Кислицына, Никита Пичугин, Андрей Сузи. Геополитическая доктрина Японии. 2011. Мировой политический процессор. Публикация.
2. http://kk.wikipedia.org/wiki/Азия-Тынық_мұхит_аймағы_елдерінің_әлеуметтік-экономикалық_даму_одағы
3. Лебедева Т.П. Геополитика. Японская геополитика. 2012
4. Позиций Японий на мировой арене. Веб-камеры планеты.
<http://www.worldcam.ru/japan/61-na-mirovoy-arene.html>

УДК 94:[321.1-055.2](520)(3)

ИМПЕРАТРИЦЫ ДРЕДНЕЙ ЯПОНИИ

Тлеубаева Айнур Абдыкалыковна

ukiume@yandex.ru

Магистрант 1 курса факультета Международных отношений, специальности
«6М020900 – Востоковедение» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

Научный руководитель – и.о. профессора Фуруя Каору

В период Великой французской революции в конце XIX века, известный французский философ, маркиз де Кондорсе, заявил, что народ является "цивилизованным", если он защищает права и свободу женщин. Однако первые китайские путешественники, прибыв в Японию в III веке нашей эры, выявили противоположное наблюдение. Китайские посетители выразили тревогу по поводу свободы японских женщин и были поражены наличием женщин-правителей в японской истории. В соответствии с философией Конфуция, женщины имели подчиненное положение по отношению к мужчинам, и женщина-правитель нарушает естественный порядок. Таким образом, японцы, нецивилизованные люди для этих китайских путешественников, так как они дали женщинам свободу и даже приняли их в качестве правителей.

Согласно китайским источникам, написанными в 297 г. свои впечатления записали китайские путешественники в Страну «Ва», как они называли Японию. История рассказывает, что "мужчины [Ва] имеют татуировки на лице и украшают свои тела различными украшениями... Женщины собирают свои волосы лентами, и их одежда струится по всему телу. Они принимают пищу руками с бамбуковой или деревянной посуды.

В данных китайских источниках дается описание и о королеве правившей Страной Ва. Она была названа Химико, что означает "дочь солнца", и пришла к власти примерно в 183г. Химико была уже в довольно преклонном возрасте, когда взошла на престол и никогда не была замужем. Так китайские источники описывают ее восхождение:

Раньше страной правили только мужчины. Тем не менее, в течение семидесяти или восьмидесяти лет после этого страна была разрушена войнами. Наконец люди согласились принять женщину в качестве своего правителя, и назвали ее Химико. Она была адептом в шаманизме, и могла околдовать людей. В период своего правления она часто прибегала к помощи младшего брата для управления страной. После того, как она стала правителем, было очень мало тех, кто видел ее. Королева окружила себя тысячами рабынь, которые приносили ей еду и питье, а также передавали ее приказы и поручения. Она проживала в